

1-қосымша

Педагогикалық кеңесте
КЕЛІСІЛДІ
№ 1 хаттама

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры: Г. Бержанова

«31»

08

2021 ж.



Оқушыларды тамақтандыру сапасын бақылау бойынша комиссия құру туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы мәселелер

1.1. Білімалушыларды уақтылы әрі сапалы тамақтандыру мәселелерін шешу үшін №52 С.Бегалин мектебінде оқушыларды тамақтандыру сапасын бақылау, тамақтандыру объектісін өндірістік бақылау бойынша комиссия (бұданәрі – Комиссия) құрылады.

1.2. Білімалушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру мен сапасын бақылау, тамақтану объектісін өндірістік бақылау туралы ереже білім беру ұйымының директорымен бекітіледі, кәсіподақ ұйымымен мақұлданады.

1.3. Комиссия құрамы әр жылда білім беру ұйымының (бұданәрі – БҰ) директорының бұйрығымен бекітіледі.

1.4. Комиссия құрамына БҰ әкімшілік өкілдері, ата-аналар қоғамдастығының, педагогикалық және оқушылар ұжымының өкілдері, медициналық қызметкерлер кіреді.

1.5. Комиссия өз қызметінде ҚР заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерін, білім басқармасы органдарының бұйрықтары мен өкімдерін, БҰ жарғысы мен жергілікті актілерін басшылыққа алады.

II. Тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссияның мақсаттары мен міндеттері

2.1. Санитариялық-гигиеналық нормалар мен СанЕН талаптарын сақтау арқылы білімалушыларды теңгерімдік әрі сапалы тағаммен қамтамасыз етуге оңтайлы жағдай жасау.

2.2. Білімалушылардың тамақтануын, мектеп асханасының жұмысын, асхана жұмыскерлері мен білімалушылардың СанЕН талаптарының сақталуын, мектеп-асханасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік бойынша тиісті құжаттаманың жүргізілуін қоғамдық бақылауды ұйымдастыру.

2.3. Саламатты өмір салты мен толыққанды тамақтану қағидаттарын насихаттау.

2.4. ҚР азаматы болып табылатын білімалушыларға білім беру, денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыру.

2.5. Ас блогындағы азық-гүлік сапасы мен жарамдылық мерзімін бақылауды жүзеге асыру.

III. Комиссия қызметінің негізгі бағыттары

3. Комиссия

3.1. Білімалушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруда БҰ әкімшілігіне көмектеседі.

3.2. Бақылайды

Білімалушылардың тамақтануын ұйымдастыру, асханада тәртіп сақталуын; Асхананың жұмыс кестесін сақтауын.

3.3. Шығарылатын өнім ассортименті мен сапасы бойынша білімалушылардан сауалдама алуды ұйымдастырады және алған ақпаратты БҰ басшысына жеткізеді.

3.5. Білімалушыларға қызмет көрсетуді жетілдіру бойынша БҰ әкімшілігіне ұсыныс жасайды.

3.6. Ұтымды тамақтану мәселесі бойынша білімалушылар мен олардың ата-анасы (заңды өкілдері) арасында ағартушылық жұмыс жүргізуге ықпал етеді.

3.7. Ата-аналар қоғамын білімалушыларды тамақтандыру ұйымдастыру мен бақылауға тартады.

IV. Комиссия жұмысының ұйымдастырушылық қағидаттары

4.1. Комиссия оқу жылының басында директордың бұйрығымен құрылады, мұнда комиссия құрамы, мақсаты мен жұмыс мазмұны анықталып, оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіледі.

4.2. Тамақтануды бақылау комиссиясының құрамына кіреді

Тамақтану сапасын бақылау комиссиясының төрағасы;

комиссия мүшелері (педагогикалық ұжым, кәсіподақ, мектептік өзіндік басқарма, ата-аналар қоғамы өкілдері, медициналық қызметкерлер).

V. Тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссия жұмысын ұйымдастыру

5.1. Комиссия өз жұмысын оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес құрады, бұл ретте ағымдағы бақылау мақсаттары мен міндеттерін, оның мерзімін, қорытынды шығару мен бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жоюға кеткен уақытты анықтайды.

5.2. Комиссия әкімшіліктің бастамасы, шағым, бала құқығын, оның денсаулығын қорғау, тамақтандыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, ас блогы жұмыскерлері, педагог қызметкерлер, мектеп әкімшілігі тарапынан қауіпсіздікті бұзуға байланысты жұмыс жоспарынан (кестесінен) тыс жұмыс істей алады.

5.3. Бақылау (сараптама) нәтижелері актіде көрсетіледі.

5.4. Комиссияның жоспарлы жұмысы айына кем дегенде 1 рет жүзеге асырылады.

5.5. Комиссия Қамқорлық кеңесінің отырысында педагогтер мен ата-аналарға өз жұмысы, бақылау нәтижелері туралы хабарлап отырады.

VI. Тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссияның функционалдық міндеттері

6.1. Ас блогы мен түстену залының санитариялық жай-күйін, тамақ ішетін, асханада кезекшілік ететін білімалушылардың сыртқы келбеті мен тазалығын бақылау.

6.2. Түстену залындағы жиһаздың жай-күйін, ыдыс-аяқтың, арнайы киімнің, санитариялық-гигиеналық құралдардың, асүйдегі өңдеу жабдығы мен тазалау құралының жеткілікті мөлшерінің болуын бақылау.

6.3. Педагогтердің асханада кезекшілік етуін бақылау.

6.4. Ас блогының технологиялық және тоңазытқыш жабдығының, жылу-су-энергиямен қамту жүйелерінің уақтылы әрі сапалы жөнделуін бақылау.

6.5. Үзіліс кезінде білімалушылардың тамақтану кестесін, асхананың жұмыс кестесін бақылау.

6.6. Комиссияның тұжырымдары, ескертулері мен ұсыныстары басшылыққа алынып, ас блогының, тамақтануды ұйымдастыратын әкімшілік жұмыскерлерінің орындауы үшін қабылдануы тиіс.

6.7. Алдағы тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша қабылданған шараларды бақылау мақсатында комиссия қайта тексеру тағайындауы мүмкін.

VII. Тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссияның құжаттамасы

7.1. Комиссия отырыстары хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға төраға мен хатшы қолқояды.

7.2. Комиссия отырысы хаттамаларының папкасы мен тамақтанудың ұйымдастырылуын бақылау дәптері комиссия төрағасында сақталады.



БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры: Г.Бекжанова

2021 ж.

Оқушыларды тамақтандыру сапасын бақылау бойынша комиссияның
2021/2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шара атауы	Мерзімдері	Жауапты
1	Мектептің ас блогының, асхана мен қосалқы үй-жайдың санитариялық-гигиеналық жай-күйін бақылау	Күнделікті	Директордың ОТІ, Шаруашылық жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педогог, медқызметкер
2	Тамақтану сапасын бақылау	Күнделікті	Медқызметкер
3	Асхананың жұмыс кестесін сақтау	Күнделікті	Директордың ОТІ жөніндегі орынбасары
4	Тамақтану сапасын бақылау	Апта сайын	Комиссия мүшелері
5	Ағартушылық жұмысты ұйымдастыру	Айсайын	Комиссия мүшелері
6	Мәзірдің болуын, ілінген мәзірдің нақты тамақтануға сәйкестігін тексеру, дайын тағамды тарату нормаларын орындау	Айсайын	Медқызметкер
7	Технологиялық жабдықтың жай-күйі, оның ақаусыздығы, термометрдің болуы	Апта сайын	Әлеуметтік педогог, шаруашылық менеджері
8	Оқушылардан сауалнама алу – мектепте тамақтану: түскі ас сапасы мен түрі	Желтоқсан, мамыр	Комиссия мүшелері
9	Мәзірді тексеру	Апта сайын	Төраға
10	Оқушыларды тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылау: түстену залының санитариялық жай-күйі, қызмет көрсету, өзіне-өзі қызмет көрсету	Күнделікті	Комиссия мүшелері
11	Шығарылатын өнімді таразыда тексеру	Айсайын	Комиссия мүшелері

Әлеуметтік педогог:

Е.Курбанбеков